

Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдары мен гидротехникалық құрылыштарын дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша өтеу, қызмет көрсете және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға бюджеттен субсидиялар бөлу және субсидиялар төлеу қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 157-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 маусымда № 36356 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 23-бабы 1-тармағының 36) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдары мен гидротехникалық құрылыштарын дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша өтеу, қызмет көрсете және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға бюджеттен субсидиялар бөлу және субсидиялар төлеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару және бюджет саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және  
ирригация министрі

Н. Нуржигитов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау  
және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және  
ирригация министрі  
2025 жылғы 27 маусымдағы  
№ 157-НҚ Бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдары мен гидротехникалық құрылыштарын дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша өтеу, қызмет көрсету және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға бюджеттен субсидиялар бөлу және субсидиялар төлеу қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдары мен гидротехникалық құрылыштарын дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша өтеу, қызмет көрсету және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға бюджеттен субсидиялар бөлу және субсидиялар төлеу Қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 23-бабы 1-тармағының 36) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдарын және гидротехникалық құрылыштарын дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздарды өтеу, оларға қызмет көрсету және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға бюджеттен субсидия бөлу және субсидия төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) респубикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі (бұдан әрі – РББӘ);

2) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – жергілікті бюджеттерден қаржыланылатын, сумен жабдықтау және су бұру жекелеген функцияларды жүзеге асыруға облыс, респубикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдігі уәкілеттік берген мемлекеттік мекеме (бұдан әрі – ЖББӘ);

3) кредиттік келісім - халықаралық қаржы ұйымы мен субсидия алушы арасындағы инвестициялық жобаны іске асыру туралы келісім;

4) өтінім – шығыстар көлемін негіздеу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жасайтын құжаттар жиынтығы;

5) субсидиялау - Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдарын және гидротехникалық құрылыштарын дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздарды өтеу, қызмет көрсету және қоса қаржыландыру бойынша шығыстарды жабуға бюджеттен субсидиялау және субсидияны төлеу жөніндегі шығыстарды жабуға субсидия алушыға респубикалық бюджеттен қайтарымсыз төлемдер беру;

6) халықаралық қаржы үйімі (бұдан әрі - ХҚҰ) - заңды тұлғаларға қарыз, грант (немесе) кредит түрінде қаржылық көмек көрсетуді жүзеге асыратын халықаралық қаржы үйімі;

7) субсидиялау шарты – Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 378-бабы 1-тармағына сәйкес субсидия алушы мен РББӘ арасында жазбаша турде жасалатын, төлемдерді жүзеге асыру тәртібін, төлем мерзімдерін, тараптардың жауапкершілігін және есептілікті ұсынуды көздейтін келісім.

8) қоса қаржыландыру - жанама салықты төлеу, тауардың, жұмыстың немесе қызметтің қосылған құнының бір бөлігін мемлекет бюджетіне алу нысаны болып табылатын респубикалық бюджеттен бөлінетін қаражат (Қазақстан Республикасының тартылған қарыз бойынша жобаларды жүзеге асыру үшін қосымша құн салығын төлеу үшін қатысу).

**2-тaraу. Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдары мен гидротехникалық құрылыштарын дамытуға мемлекет кепілдігімен тартылған қарыздар бойынша өтеу, оларға қызмет көрсету және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға бюджеттен субсидия бөлу тәртібі**

3. Субсидиялау мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша өтеу, қызмет көрсету және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға, Қазақстан Республикасының су қоймаларын, арналары мен гидротехникалық құрылыштарын дамытуға субсидия алушыны кейіннен қаржыландыру үшін респубикалық бюджеттен РББӘ-ге тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджетте көзделген қаражат есебі мен шегінде қаражат бөлу жолымен жүзеге асырылады.

4. Субсидиялар ХҚҰ-мен кредиттік келісімі, қарыз тартуға мемлекеттік кепілдігі бар, жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуы бар, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштарын күтіп-ұстауды, пайдалануды, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңды тұлғаларға беріледі.

5. Субсидия алушы субсидия алу үшін РББӘ-ге келесі құжаттарды жолдайды:

1) субсидия алушының жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуы бар, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштарын күтіп-ұстауды, пайдалануды, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңды тұлғалардың бірінші басшысы қол қойған (ЖББӘ-нің ведомствоның атқарушы үйімдары субсидиялар алған жағдайда, құжаттар ЖББӘ бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен ұсынылады) еркін нысандағы ілеспе хаты;

2) субсидиялау және субсидиялар төлеу қажеттілігі туралы түсіндірме жазбаны (қол жеткізілген нәтижелер, қолда бар проблемалар, мақсаттардың сипаттамасы, күтіліп отырған әлеуметтік-экономикалық әсерлер, бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын нақтылайтын ақпараттардың болуы);

3) ХҚҰ-мен келісілген, Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдарын және гидротехникалық құрылыштарды дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған ХҚҰ-ның қарызын өтеуге, қызмет көрсетуге және қоса қаржыландыруға қажетті субсидиялар сомасын растайтын есептерді;

4) Кредиттік келісімнің көшірмесін (өтеу кестесімен бірге);

5) жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуы бар, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштардың күтіп-ұстауды, пайдалануды, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңды тұлғалардың бірінші басшы мен бас бухгалтердің қолы қойылған соңғы үш жылдағы қаржылық есептілік.

Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдары мен гидротехникалық құрылыштарды дамытуға мемлекет кепілдігімен тартылған қарыздарды қоса қаржыландыру бойынша шығыстарға субсидияны ЖББӘ жергілікті бюджеттен бөледі.

6. Қарыздар бойынша өтеу, қызмет көрсету және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға, Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдарын және гидротехникалық құрылыштарды дамытуға республикалық бюджеттен бөлінетін субсидиялау мен субсидиялар төлемдерінің мөлшері ХҚҰ-ның толық өтеуімен қарыз шартын ескере отырып айқындалады (пайыздық мөлшерлеме, негізгі қарыз, оған қызмет көрсету және қоса қаржыландыру).

7. Субсидиялау мерзімі субсидия алушының қарыздың критерийлері мен шарттарына сәйкес келген жағдайда, ХҚҰ-ның қарызын өтейтін, қызмет көрсететін және қоса қаржыландыратын уақыт кезеңіне айқындалады.

**3-тaraу. Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдары мен гидротехникалық құрылыштарды дамытуға мемлекет кепілдігімен тартылған қарыздар бойынша өтеу, оларға қызмет көрсету және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға бюджеттен субсидияларды төлеу тәртібі**

8. Республикалық бюджеттен субсидиялар төлеу Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 101-бабының 8-тармағымен айқындалған бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдеріне сәйкес төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарымен жүргізіледі.

РББӘ өтінімді қалыптастырады және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік атқару жөніндегі уәкілетті органға енгізеді.